

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 мамыр N 827 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы туралы" "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3399 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспарына мынадай толықтырулар енгізілсін:

реттік нөмірі 41, "Заң жобасының атауы" бағанындағы жол "жаңа редакциясы" деген сөзбен толықтырылсын;
реттік нөмірі 59 а мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"59 а Қазақстан Энергетика және кыркүйек
Республикасының кейбір табиғи ресурсмині, қазан
заң актілеріне Экономсаудамині, қараша
өзгерістер мен Әділетмині
толықтырулар енгізу
туралы (энергия үнемдеу Үкімет шешімдерін
мәселесі жөнінде) әзірлеуді үйлестіру
бөлімі

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі